

- 10) Тәжірибелік- эксперименталдық қызмет
- 11) Менторлық/тәлімгерлік қызмет
- 12) Іс -тәжірибе тарату.
- 13) Кәсіби эксперттік қызмет.

1-4 критерийлердің көрсеткіштері бойынша баллмен бағаланды:

29 - дан төмен -жеткіліксізденгей

30 - 40 міндеттіденгей

41 -50 ілгеріденгей

51- 58 шығармашылықденгей

1- 4 критерийлері бойынша жалпы балл саны - 58 балл

Кафедра жетекшілерінің толтырған мониторингтеріне толықтыру енгізу ұсынылды.

#### **4.Б.И.Жасағанбергенова –тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары**

2020-2021 оку жылында тәрбие саласындағы ата-ананың ролі туралы атқарылған жұмыстарға талдау жасады.( анықтама қоса жалғанды).

Қазіргі уақытта тәрбие жұмысының негізін Елбасының адамгершілік мұрасы «Рухани жаңғыру: қоғамдық сананы жаңғырту» және «Ұлы даланың жеті қыры» атты бағдарламалық мақалалары құрайды.Мектеп пен ата-аналар балалардың қоғамға қайши әрекеттерден бас тарту мәдениетін тәрбиелеуі тиіс. Ата-аналар өз балаларының әдепті және өнегелі болуында алғашқы мұғалім болып табылады. 2020-2021 оку жылында төтенше жағдайларға байланысты барлық тәрбие сағаттары, іс-шаралар онлайн режимінде өткізілді. Жоспарлы іс-шараларды өткізуде ата-аналар жауапкершілікпен атсалысады.Осы орай да ата-аналар үліттық бірегейлікті сактау жолында дәстүр мен ғұрпымызды жаңғыртуда үлкен қолдау көрсетуде. Мысалы баланы еңбекке баулу бағытында «Ата-ананың жұмыс орнындағы бір күн» акциясына қатысты, сонымен қатар игі істерді жасату, отбасылық дәстүрлерді жаңғырту. Бір дастархан басында тамақтанып, үйдің үлкендеріне құрмет көрстеуге баулу, ата-тегін білуге үйрету, үліттық тағамдарды насиҳаттау, атқа мінү сияқты дәстүрлерімізді жаңғыртуда көп көмек беруде.«Отбасы-бақыт мекені» апталығында 1 сынып ата-аналары отбасылық суреттерден фото суреттер көрмесі жасаса, салауатты өмір салты бағыты бойынша отбасылық жаттығулар, бір столдың басында ойналатын ойындарды өткізіп ,бейне материалдар, суреттер салып, инстаграм желісіне жарияланды.

Қазір елімізде «Оқуға құштар мектеп» жобасы жүргізілуде. Осы орайда ата-аналар тарапынан жүргізіліп жатқан жұмыстар бар. «Оқитын отбасы» тақырыбында бейнероликтер, «Сүйікті кітабыммен сельфи», «Баламды құшағыма алып кітап оқымын»атты акциялар болып өтті.

#### **5. Ж.К.Жаржанова, А.А.Рыспаева- оку-тәрбие жөніндегі орынбасарлары**

2020-2021 оку жылында 1-11 кластар бойынша 3- тоқсанды оку үрдісінде өзгерістер болды. Бастауыш кластар кезекші класта оқыды, 1 наурыздан бастап кезекші кластар тоқтатылды. 5,9,11 кластар аралас форматта мектепте оқыды.6,7,8,10 кластар онлайн оқыды.

III тоқсанды 690 білім алушы аяқтады. Барлығы 1-11 кластар аралығында 30 класс-комплект бар. Оның ішінде:1-4 кластарда 286/153, 5-9 кластарда 335/187, 10-11 кластарда 69/32 білім алушы білім алды. III тоқсанды бастауышта барлығы МАД топтарында – 51 бала, 1-4 класта барлық бала саны 286. Үйден оқитын 3 білім алушы бар. 11 жетекші және 14 пән мұғалімдері сабак береді.

Барлығы 5-11 кластарда 404 оқушының 165 оқушысы аралас форматта оқыды, қалған 239 оқушы кашықтан онлайн білім алды. Оқу озаты – 144, оқу екпіндісі – 163. 5-11-кластар аралығында жалпы білім сапасы – 76% (78,2). Динамика-2,2

Жалпы гимназия бойынша озат оқушылар – 252, екпінділер – 234, 204 оқушы орташа оқиды, үлгермейтін оқушылар жоқ, 1 сыныпта 72 оқушы оқиды.

Гимназия бойынша III тоқсандағы білім сапасы- 78,2(78,2%), үлгерімі 100%,

Салыстырғанда білім сапасының динамикасында өзгеріс жоқ.

Бұл жерде I тоқсан есебімен салыстырғанда 3 «в» +5%, 4 «б» +4% пайыздарға көтерілген. Ал 4 «а» класы -13% пайызға төмендеген.

Білім сапасы бойынша 6ә, 6б, 9а кластарында білім сапасы 70 пайыздан төмен екендігі анықталды. 2 тоқсанмен салыстырғандағы динамика бойынша 5а класы -4,2, 6а класы -12, 6ә